

**Молдабек Қ., Кенжебекова Р.И., Серикбаева А.С.,
Қожамұратова А.Ш.**
*Silkway Халықаралық университеті
Шымкент, Қазақстан*

ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

Осы мақаланы жазуға себепші болған ИРН АР09259033 Ғылыми жобаны әділ де дұрыс бағалағаны үшін ҚР БҒМ Ғылым комитетіне алғысымызды білдіреміз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі өзінің ғылым ретінде қалыптасу жолын ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезінен бастау алады. Бұл қазақ халқының көрнекті ғалымдары, қоғам қайраткерлері, ақындары мен жазушыларының өз ұлтының тағдырына немқұрайдылықпен қарамай, қазақ тілінің өркендеуіне, тілдің өзіндік ерекшеліктерін айқындаудағы қажырлы еңбектерінің арқасы. Қазақ халқын сауаттандыру үшін ұлтжанды азаматтар тілдің теориялық заңдылықтарын зерттеп, нәтижелерін халыққа білім беруде қолдануды өздеріне парыз санады. Ұлт мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі жөнінде пікірлер сол кезеңдегі «Айқап», «Қазақ», «Шолпан», «Мұғалім», «Сана» т.б басылымдарда жарияланып отырды. Сол жылдары жарық көрген А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Т.Шонанов, Ғ.Бегалиевтердің еңбектерінде бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту жөнінде елеулі пікірлер, қазақ тілі сабағының құрылымы және сабақта қолданылатын негізгі әдістер мен мұғалімге қойылатын талаптар айқындалған.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалымдардың жоғарыда аталған еңбектерінің басты құндылығы – осы еңбектер арқылы мұғалімдерге қазақ тілін қалай оқыту жөнінде практикалық көмек берілді. Сондай-ақ бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесін теориялық және әдістемелік тұрғыдан зерттеп, оның жеке ғылым саласы болып қалыптасуына зор елеулі үлес қосты.

Кейінгі жылдары осы мәселені Ә.Сәдуақасов, С.Жиенбаев, Р.Әміров, Ш.Сарыбаев, К.Бозжанова, М.Жұбанова, С.Рахметова, М.Жазыбаев, И.Ұйықбаев, С.Қазыбаев, Т.Әбдікәрімова, Г.Уайсова, Ә.Жұмабаева, М.Ермекбаев және т.б ары қарай тереңдетіп, келесі зерттеулермен, монографиялармен әдістемелік нұсқаулармен дамытты.

Қазіргі кезеңде бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту үшін жаңа буын оқулықтары, оқыту кешендері, дидактикалық материалдар мен әдістемелік нұсқаулар шыға бастады. Ғалымдар, әдіскерлер бастауыш мектепте қазақ тілі саласын оқытуға, оқыту үрдісінде жаңа әдістер мен технологияларды қолдануға аса назар аудара бастады. Бүгінгі таңдағы осындай өзекті мәселелердің бірі - оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру, шәкірттерге білімді теориялық тұрғыдан ғана меңгертпей, олардың осы білімді тілдік қатынаста еркін пайдалануға, дұрыс сөйлеуге үйрету. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуға арналған ғылыми жұмыстарда оқушылардың тілін дамыту, олардың байланыстырып сөйлеу дағдылары мен біліктерін қалыптастыру туралы пікірлер айтылғанымен осы кезге дейін ғылыми зерттеуге алынып, белгілі бір әдістемелік жүйеге түсірілмеген. Біздің зерттеуіміз осы мәселені арнайы ғылыми тұрғыдан алғашқы қарастырған жұмыс.

Бастауыш мектепке арналған еңбектерде «тіл ширату», «тіл жетілдіру», «тіл ұстарту», «тіл дамыту», «байланыстырып сөйлеу дағдысы» секілді терминдер ұшырасады. Осы терминдердің мағынасын алғаш рет айқындап, олардың өзіндік ерекшеліктерін белгілеген ғалым – профессор С.Рахметова. С. Рахметова терминдердің әрқайсысына мынадай түсінік берген: «... еңбегімізде, тіл дамыту» терминін қолданып отырмыз, өйткені «тіл ширату» балалардың білетін пассив сөздерін активтендіру мақсатын көздесе, «тіл жетілдіру» (усовершенствование) көбіне баланың тілін түзету мағынасында қолданылады. Ал «сөз байлығын арттыру» - сөздікке ғана қатысты. Біздің ойымызша, «тіл дамыту» термині осылардың барлығын қамтиды. Демек, оқушылардың тілін ширатуға, олардың тілін жетілдіруге, шәкірттерді

байланыстырып сөйлеуге үйретуге арналған жұмыстардың барлығы балалардың тілін дамыту мақсатын көздейді. Сондықтан, «байланыстырып сөйлеу» мен «сөйлеу дағдысын қалыптастыру» терминдерінің өзіндік өзгешеліктері бар екеніне назар аударған жөн. Оқушыларды байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмыстары көбінесе шығарма және мазмұндама, яғни оқушылардың мәтін түзу дағдысын қалыптастыру жұмыстары болса, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастыру жұмыстарына «сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілікке» үйрететін жұмыстары жатқызылады. Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының тіл дамытумен ара-қатынасы жоқ деген ой тууы ағаттық. Қайта оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының негізінде тіл дамытудың негізгі заңдылықтары мен принциптері тұрады.

Сондықтан оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастыру дегеніміз – шәкірттердің бір-бірімен күнделікті пікірлесуі ғана емес, олардың тілдік қатысым барысында өз ойын анық, дұрыс және түсінікті жеткізуге, сөйлер сөзінің тілдік нормаларын сақтап, ізетті сөйлеуге үйрету. Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған алғашқы іргелі еңбектерге А.Байтұрсынов, Ғ.Бегалиев, Ә.Сәдуақасов, Р.Әміров, К.Бозжанова, С.Рахметова т.б. ғалым-әдіскерлердің жұмыстарын атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Т.Тәжібаев. Бастауыш мектеп оқушыларының ауызекі сөзі мен жазба сөзінің салыстырма анализі, «Ауыл мұғалімі», 1939, № 8, 17-27 бб.
2. С.Рахметқызы. Бастауыш сыныптарда оқушылардың тілін ұстарту.(орыс мектептері үшін) А, «Рауан» 1997ж
3. Қ.Жұбанов. Қазақ тілінің грамматикасы, «Қазақстан», 1936, 3 бет.
4. Н.И.Жинкин. Коммуникативная система человека и развитие речи в школе, книга проблемы совершенствования содержания и методов обучения русскому языку 4-8 классов, Москва, 1969, стр.104.

5. Бастауыш мектеп мұғалімдерінің күнделікті пайдалануына арналған кітап . Алматы: Қаз. мемлекеттік оқу пед. баспасы.1950-742 б